



6-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЖЕКЕ ҚАРЖЫ

Жеке қаржыны басқару
стратегиясын әзірлеу



Сұрақтар

1. Жеке қаржыны басқару стратегиясының мәні және мазмұны
2. Жеке қаржыны жоспарлау схемасын құру
3. Жеке қаржыны жоспарлаудың негізгі ережелері

Әрине, кез келген салада тиімді шешім қабылдау үшін, ұзақ мерзімді мақсаттарға жету нақты бір стратегия қажет. Жалпы, стратегия дегеніміз не? «Стратегия» сөзі грек тіліндегі «strategos» сөзінен аударғанда «генералдың шеберлігі» деген мағынаны білдіреді. Алғаш рет бұл сөзді Александр Македонский өзінің әскери жорықтарын, іс қимылдарын жоспарлап жүзеге асыру мақсатында қолданған. Кейінірек, XX ғасыр ортасына таман экономикалық өсу қарқындап, бәсекелестік күрес күшейе түскен кезде менеджмент саласына экономикалық термин ретінде енгізілген. Қазір стратегия терминін кез келген қызмет түрін тиімді ұйымдастыру, басқару және даму құралы ретінде қолданады.



Стратегия түсінігін экономикалық термин ретінде сан түрлі бағытта қарастыруға болады. Оның жүздеген анықтамасы бар, олардың әрқайсысы стратегия түсінігін түрлі қырынан көрсетеді. Стратегия – бұл:

- шебер басшылық;
- ұзақ мерзімді жоспар;
- бизнесті жүргізу қағидалары;
- шешім қабылдау әдістері мен тәртібі;
- ерекше нарықтық позицияға ие болуды қамтамасыз ету;
- бәсекелестерден озудың тиімді жолдары.

Сонымен «стратегия» деп ұзақ мерзімді болашақта неге ұмтылатынын айқын түсінуі, мақсаттары мен миссиясына жету үшін және күнделікті қызмет процесі барысындағы түрлі деңгейдегі шешімдерді тиімді қабылдау жолын көрсетуге қажет құралдар жиынтығы ретінде қарастырамыз. Жеке қаржыларды басқару барысында да нақты стратегияның болуы өте маңызды. Жеке қаржы стратегиясын әзірлеу – қаржы ресурстарының құрамына, сомасына, жеке тұлғаның мақсаттары мен өмір сүру салтына, қаржылық сауаттылығына байланысты процесс.

Жеке қаржы стратегиясы өзара байланысты үш құрамдас бөліктен тұрады: негізгі элемент, білім және дағды.

1. Негізгі элемент әрбір тұлғаның қаржылық мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға негізделген, ол белгілі бір міндеттерді ескере отырып, белгілі бір жиілігі бар жеке отбасылық бюджетті жоспарлаудан басталады.

2. Қаржы стратегиясының маңызды элементі қажетті білімдердің болуы болып табылады. Бұл элемент нарықтың жұмыс істеу қағидаларын, қаржы ұйымдары мен құралдарының функцияларын түсінуі,



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Жеке қаржыны басқару стратегиясын әзірлеу

занды және салықтық сауаттылық негіздерін білуді, қаржы институттарыны мен қаржы мекемелерінің қызметтерін түсінуді қамтиды.

3. Үшінші элемент - қажетті дағдыларға ие болу. Әртүрлі келісімшарттардың мәнін түсіну, қаржылық институттардың әртүрлі ұсыныстарын талдай білу, құқықтарды бұзған жағдайда заң органдарына жүгіну процессін білу. Осы үш бөлікті үйлестіре отырып әр жеке тұлға өз қаржылық стратегиясын құрастыра алады.

Мақсаттарды қою стратегиялық басқарудың шешуші сәті болып табылатынын тәжірибе көрсетіп отыр. Алдыңғы дәрістерде айтылған SMART әдісіне сай, мақсаттар басқарушылық құндылыққа ие болуы үшін олар сандық және өлшенетін көрсеткіштермен анықталуы қажет және қол жеткізілуге тиіс мәндерге ие болуы қажет. Бұл «максималды пайда», «шығындарды азайту», «тиімділікті арттыру», «сату көлемін ұлғайту» секілді не мерзімдік, не сандық шекарамен анықталмайтын көрсеткіштерден бас тартуды білдіреді. Hewlett-Packard компаниясының негізін қалаушы Билл Хьюлеттің айтуынша: «Сіз өлшеуге болмайтын нәрселерді басқара алмайсыз. Өлшеуге болатын барлық нәрселерге қол жеткізуге болады».



«Стратегия и тактика индивидуального инвестора» атты бестселлердің авторы Питеру Линчтің айтуынша «жай қарандаштың көмегімен бір парақ қағазға жазып, сызып көрсете алатын қол жетімді идеяларға инвестиция құйыңыз». Әрине, тәжірибе жүзінде мұндай дана кеңестер өте көп, ал сол кеңестерді қолдана отырып өз қаржылық стратегиясын құрастырып, қолданып жатқан адамдар көп емес.

Қаржылық стратегия жеке адамның қаржылық мақсаттарына, және оның кәсіби еркешеліктері мен дағдыларына, ресурстарына сай құрастырылады. Кейбір адамдар өз қаржысын үнемдеп, сақтауға байланысты стратегия таңдайды, яғни бұл адамдардың қаржысын көбейту банк депозиттік пайыздарымен ғана шектелуі мүмкін. Бұл ажағдайда қаржылық тәуекеліңіз төмен болады.

Енді біреулер өз қаржысын жеке бизнесті дамытуға бағыттау стратегиясымен жүреді. Ақшасын тек өзі үшін ғана жұмыс істетеді. Бұл стратегиямен жүру орта мерзімді табыстарға бағытталған және орта деңгейдегі тәуекелдермен қамтылған. Яғни сіздің шағын не орта бизнесіңіз банкрот болса, жауапкершілік тек сізге жүктеледі, сіз жалғыз өзіңіз барлық шығындарды өтейсіз.

Сонымен қатар ұзақ мерзімді табыс табу мақсатында құнды қаназдар мен қор нарығының басқа да құралдарын пайдалана отырып қаржыны жоғарылатуға бағытталған стратегиялар да бар.

Қаржы стратегиясының негізгі құрамдас бөлігі қаржылық жоспар болып табылады. Қаржылық жоспарды мерзіміне байланысты қысқа мерзімді, орта және ұзақ мерзімді деп бөлуге болады. Қысқа мерзімді қаржылық жоспарлар 1 жыл ішінде қол жеткізілетін қаржылық мақсаттарға бағытталады. Мысалы тұрмыстық техника сатып алуды, пәтерді жөндеуді, отбасыңызбен демалысқа баруды жоспарлау. Орта мерзімді жоспарлар 1-3 жыл аралығында қол жеткізілетін қаржылық мақсаттар, олар автокөлік сатып алу, пәтерді кеңіту, университет ақысын төлеу деген сияқты жоспарлар. Және ұзақ мерзімді 5 жылдан жоғары мерзімге бағытталған жоспарлар, ипотека бойынша пәтер алу, депозиттегі ақшаны жинақтап үй сатып алу, ұзақ мерзімді инвестицияларға ақша сияқты жоспарлар.

Сондай ақ, қолжетімді ресурстарды үнемдеу тиімді қаржылық жоспардың маңызды элементі болып табылады. Әртүрлі талдаулар бойынша, адам өзінің өмірлік мақсаттарына қол жеткізу үшін өз табысының 15-тен 30 пайызына дейін үнемдей алады.



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Жеке қаржыны басқару стратегиясын әзірлеу

Ақшаны үнемдеу әдістері мен жолдары көп. Бірақ көп адамдардың ойынша, олардың көпшілігі аз ғана ресурстарды үнемдейді, бірақ көп уақыт пен күш жұмсауды талап етеді. Дегенмен, күнделікті тұрмыста көптеген үнемдеулерге қол жеткізуге болады. Мәселен, электр энергиясын тұтынуды азайту үшін әдеттегі қыздыру шамдарын электр қуатын үнемдейтін шамдармен алмастыруға, пайдаланылмаған кезде электр құрылғыларын желісінен өшіруге, сондай-ақ үнемді энергия классын қолдануға мүмкіндік беретін техниканы сатып алуға болады. Электр энергиясын, суық су мөлшерін есептейтін екі немесе үш фазалы есептегішін пайдалануға болады, мысалы түнгі уақытта белгілі бір уақыт белдеуінде тұтынылатын электр қуаты үшін төмендетілген тарифтермен төлеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ақылы ресурстардың жұмсалуды азайту үшін оларды ұтымды пайдалануға болады, ол өз кезегінде жеке қаржыны үнемдеуге мүмкін береді. Мысалы, дәретханадағы екі түймелі су төгетін бөшкелерді пайдалану суық суды тұтынуды төмендетеді, орташа ластанған киімдерді 40 градустан аспайтын температурада жуу электр қуатын қолдануды азайтады. Торкөздерді кранға орнату ыстық және суық суды тұтынуды азайтады және электр шайнектегі пайда болған тұздың уақтылы тазалануы тұтынылатын киловатт энергиясын азайтады.

Дүкенде сауатты сауда жасау арқылы да қаржыны үнемдеуге болады. Егер сіз дүкенге барар алдында сатып алуыңыз керек нәрселер тізімін жасасаңыз, қажетсіз заттарды сатып алу ықтималдығы айтарлықтай төмендейді. Дүкеннің географиялық орналасуына да назар аударыңыз. Кейбір заттардың құны дүкеннің орналасу орнына қарай айтарлықтай арзан немесе қымбат болуы мүмкін.

Әрине, сапасын ұмытып кетпей, ең тиімді бағаны табу үшін нарықтағы баға динамикасын алдын-ала талдап, үнемі қадағалап отыру ұсынылады. Басқа елдерден тауарларды интернет-сайттар арқылы жеткізу, әртүрлі жеңілдік дүкендері қызметін қолдану, әлеуметтік дәріханалар сияқты жерлерде сауда жасау қалған затыңызды жақсы бағамен сатып алуға мүмкіндік береді. Нейромаркетинг, мерчендайзинг амалдарына алданбай, ойға қонымды шешім қабылдаңыз.

Егер бірден бірнеше өнім сатып алсаңыз, онда тауарлық чекті тексерулерді ұмытпаңыз, өйткені сәредегі бағаның қате болуы шығындарыңызды арттыруы мүмкін.

Жеңілдіктерге, купондарға, дисконттық карталарға, сату түндеріне және басқа да бонустарға ерекше назар аудару керек. Кейбір жағдайларда, олар ақшаны үнемдеуге көмектеседі, бірақ көбінесе алдамшы маркетингтік шара болуы да әбден мүмкін.

Тұрмыстық техниканы және электрониканы сатып алғанда, жеңілдетілген өнімдерді қарастыруға болады. Кейде, мәселен смартфондардың жиі тек қана орамасы бұзылған болып келеді, бірақ ол заттың сыртқы көрінісіне немесе техникалық қасиетіне әсер етпейді. Бұл жағдайда смартфонның бағасы нарыққа қарағанда айтарлықтай төмен болуы мүмкін. Кейбір өнімдерді, дәрі-дәрмекті сатып алғанда, бренд үшін артық ақша төлеудің қажеті жоқ. Аналог заттардың құрамын және сипаттамаларын мұқият зерделеу арқылы дәл сол өнімнің біршама арзан және сапалы түрін табуға болады.

Электрониканы сатып алғанда, қажетсіз функциялар үшін артық төлем жасау қаупі бар. Мысалы, теледидарды Интернетке кіру арқылы және онлайн көру үшін пайдалануды жоспарламасаңыз, Smart функционалдығы техника қажет емес. Мұндай функциялы теледидарлар әлдеқайда қымбатқа түседі. Кейде, керісінше, техникалық мүмкіншіліктері кең заттар, сіздің жиынтық шығындарыңызды төмендетуі мүмкін. Мысалы Apple ұялы телефонын сатып ала отырып сіз басқа да жиынтық шығындарыңызды төмендете аласыз, яғни бұл ұялы телефон сіздің фотокамера, видеокамера, сағат, күнтізбе, калькулятор сияқты техниканы сатып алу мұқтажыңыңызды төмендетеді.

Біздің өміріміздің маңызды бөлігі - бос уақыт пен демалыс. Бос уақытты қызықты әрі пайдалы өткізу үшін көп қаржы жұмсамауға болады. Мысалы, фильмдерді ұнатсаңыз, таңертеңгілік, арзан сеанстарға бара аласыз және тегін онлайн-кинотеатрлардың қызметтерін пайдалануға да болады. Сонымен қатар көптеген қазақстандық қызмет көрсету ұйымдары белгілі бір банк картасымен, «Рахмет», apple pay қосымшаларымен төлем жасасаңыз түрлі жеңілдіктер ұсынады. Әр түрлі қол жетімді ойын-сауықтарды таңдап, олардың мәнін алынған әсермен салыстыра отырып қаржыны тиімді бөлуге болады.

Елде ішінде де, шет елдерде де демалысты тиімді ұйымдастыру арқасында, саяхатқа кететін ақшаны үнемдеуге болады. Оның көптеген жолдары бар: авиабилеттерді алдын-ала сатып алыңыз, комиссия және сақтандыруға артық төлем жасамаңыз, туристік фирманың қызметіне жүгінбеңіз, бюджеттік немесе тегін тұру нұсқаларын іздеңіз (әртүрлі елдерде саяхатшыларға баспана беруге дайын отбасылар бар). Шет тілдерін білетін болсаңыз, сіз әртүрлі халықаралық бағдарламаларға қатыса аласыз, мұнда кез-келген адам экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге волонтер ретінде қатыса алады.

Жеке қаржыны жоспарлаудың негізгі ережелеріне тоқталатын болсақ, олар барлық адамдарға стандарт



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Жеке қаржыны басқару стратегиясын әзірлеу

немесе міндетті ережелер емес. Әр адам өз еркешеліктеріне байланысты өзіне ғана тиесілі қаржы жоспарын құра алады.

Ақшалай қаражаттардың қозғалысын жоспарлау және басқару, өз қаражаттарыңыз арқасында өмір сүру және өзіңізді сенімді сезіну үшін ақшаның барлық қозғалысын көрсететін нағыз қаржылық құрал болып табылады. Және ол отбасы үшін қауіпсіз қаржылық болашаққа бағытталған ақылды қадам.

Жақсы құрылған жоспар сіздің қаржыңызды тиімді басқаруға, шығындарыңызды реттеуге және қосымша табыс табу жолдарын іздестіруге, сондай-ақ мақсаттарыңызға жету үшін ақшаны үнемдеуге мүмкіндік береді.

Қаржылық отбасылық жоспарды құрастыра бастаған кезде, сіз жеке қаржыларды тиімді басқаруды үйренуге көмектесетін негізгі ережелерге сүйенуіңіз керек.

1. Барлық шығыстар мен кірістерді жазып алыңыз

Бухгалтерлік есеп адмдарды катал тәртіпке бағынуды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қымбат заттарды сатып алу шығындарын жоспарлауды үйретіп, қаржылық жағдайды болжамдауға жол ашады. Шығындарды, кірісті және ақша ағынын қадағалау үшін Excel электрондық кестесін немесе мобильді бағдарламаларды пайдалануға болады.

2. Қарыздар мен несиелік карталардан аулақ болыңыз.

Есіңізде болсын, қарыз - қаржының дұрыс бөлінбеуінің нәтижесі. Олар ақша тепе-теңдігін бұзады және көптеген отбасылар үшін ауыртпалық болуы әбден мүмкін.

3. Мақсат қойыңыз

Үнемдеу үшін үнемдеуге болмайды. Болашақ мақсаттарының орындалуын болжап, үлкен мақсаттар үшін ақша үнемдеу оңайырақ әрі жағымды болады.

4. «Қауіпсіздік жастығы» түріндегі резервтік қор құрыңыз

Ай сайынғы табыстың 10% сақтауға өзіңізді үйретіңіз. Күтпеген қаржылық шығындар болған жағдайда өзіңізді сенімді сезініп, байлығыңызды қорғай аласыз.

5. Қаржылық сауаттылықты жақсартыңыз


Қаржылық құжаттар мен келісім-шарттарды оқып үйреніңіз, «тиімді» кредиттік және сақтандыру бағдарламаларының тетіктерін іздестіріп табыңыз, қаржылық өнімдерді салыстып ең қолайлы нұсқаларды таңдаңыз.

6. Барлық отбасына қаржылық жоспарлауды үйретіңіз.

Отбасы мүшелерінің әрқайсысы қаржы жоспарын ұстану үшін олардың әрқайсысы нақты мақсатты және оның қажеттілігін түсінуі керек. Егер сіз жаңа автокөлік сатып алғыңыз келсе, отбасының әрбір мүшесіне: жұмысқа, дүкенге баруға немесе баланы мектепке алып баруға қажет екенін түсіндіруіңіз керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы сіз қажетті нәтижеге қол жеткізе аласыз. Балаңызбен отбасыңыздың бюджетін қалай басқаратыныңызды және қаржыны бөлуді талқылаңыз, бірлескен сатып алуларды жоспарлауда көмек сұраңыз. Балаларға ақшаны басқаруды үйрету арқылы сіз оларды тәуелсіз өмірге дайындайсыз және болашақта қаржылық мәселелерден құтқарасыз.

7. Бүкіл отбасыңыз үшін білім беру ісіне қатысыңыз.

Бюджетті жоспарлау және отбасының қаржылық жоспарын сақтау ай сайын және тұрақты болуға тиіс, сонда ғана ол пайдалы болады.



Отбасылық бюджетті тиімді жоспарлаудың көптеген әдістері бар, солардың ішінде жиі қолданылатындары мыналар:

«7 конверт» әдісі



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Жеке қаржыны басқару стратегиясын әзірлеу

Бұл әдіс табысты сіздің шығындарыңызды негізгі баптар бойынша 7 конвертке бөлуден тұрады. Осы әдістің арқасында бірнеше айға жұмсалатын шығындарды қадағалауға болады. Конверттегі ақша коммуналдық қызметтерге, балалардың оқу ақысына, тамақтануға, көлік, ойын-сауыққа және жинақ ақшасына жұмсалатын болады.

Әдіс тиімді нәтиже әкеледі, егер сіз шектеулерді қатаң сақтасаңыз және басқа конверттерден ақша алмасаңыз.



«4 конверт» әдісі

Бұл әдіс жоғарыдағы әдіске ұқсас, ол сондай-ақ айлық шығыстарды зерттеуге және оларды басқаруды ұйымдастыруға негізделген. Жалақы алғаннан кейін міндетті түрде шоттарды төлеу үшін дереу қаражат бөліп, қалған соманы бір айдағы апталар саны бойынша 4 конвертке бөліңіз.

Ең бастысы - басқа конверттердің тұтастығын бұзбастан, аптасына бөлінген қаражатты ғана жұмсау.

10% әдісі

Әдістің мәні: ай сайын табыстың жалпы сомасының 10% резервке қойылады. Қосымша ынталандыру үшін белгілі бір мақсатты - саяхатты немесе үлкен сатып алуды жоспарлаған дұрыс. Сондай ақ, бұл ақшалар күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда қосымша «қауіпсіздік жастығы» қызметін атқара алады.

Жеке қаржыларды басқару стратегиясын құрастырып оны тиімді жүзеге асыру, болашақта коптеген қаржылық мәселелерді шешуге жол ашады.

Сіз өзіңіздің қаржыңыздың жалпы көрінісін көрмей қаржыңызды басқара алмайсыз. Сіздің жеке қаржы жоспарыңыз арқасында сіз ақшаңыздың қайда кететінін және сіздің капиталыңыз қай жерде пайда болатындығын талдап, талдау жасай аласыз. Егжей-тегжейлі статистикасы бар кішігірім жоспар сіздің қаржылық істеріңіздің бастапқы көрінісін көрсетеді, солардың негізінде сіз болашақта қаржылық қауіпсіздікке келесіз. Жеке қаржыны жоспарлау сіздің капиталыңызды дұрыс пайдаланудың негізі болып табылады.

6 -дәрістің түйіндемесі

Жеке қаржыны басқару стратегиясының мәні және мазмұны

Мақсаттар қысқа, орташа және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Мақсатыңызға жету үшін жеке стратегия құру үшін жеке қаржы жоспарын жазыңыз. Қысқа мерзімді қаржылық мақсаттарға келетін болсақ, олар шынайы және қолжетімді болуы керек. Ұзақ мерзімді қаржылық мақсаттар сіздің жалақыңызға байланысты болмауы мүмкін. Бұл жағдайда сіз келешек жылдары кіріс көздерін түбегейлі өзгерту қажеттігін түсінуіңіз керек.

Жеке қаржыны жоспарлау схемасын құру

Жеке қаржылар үшін инвестициялық портфель құрастыру

Инвестициялар - бұл жеке қаржыларды басқарудағы ең қиын бөлігі. Дегенмен, ол сіздің капиталыңызды қалыптастырудың ең маңызды бөлігі болуы мүмкін. Интернеттің пайда болуымен инвестициялардың барлығы адамдар үшін қол жетімді болды. Егер сіз 18 жастан асқан болсаңыз, сіз инвестициялық опцияларды брокерге тіркей аласыз, сауда-саттық шотын ашып, сауданы бастауыңызға болады. Бұл ақша табудың қарапайым тәсілі.

Жеке қаржыны жоспарлаудың негізгі ережелері



Кітап: Жеке қаржы

Дәріс: Жеке қаржыны басқару стратегиясын әзірлеу

Жеке қаржыларды басқарудың бір түрі - шығындарды оңтайландыру. Шығыстардың міндетті баптары бойынша мәмілелер талданып, бақылауға алынуы тиіс, ал қосымша баптар бойынша қысқартылуы қажет. Мысалы:

- қымбат супермаркеттердің орнына базарларға және көтерме сауда орындарына баруға болады;
- жеңілдіктер мен клубтық бағдарламаларға қатысуға және жеңілдіктер алуға болады;
- фитнес клуб қызметінен бас тартып орнына жүгіруді бастауға болады;
- брендтік өнімдердің орнына жоғары сапалы аналогтарды сатып алу қажет.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Жеке қаржыларды басқару үшін нақты стратегия қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдейтін өз тәжірибеңізден мысалдар мен жағдайларды сипаттаңыз.
2. Жеке қаржыларды басқаруда инвестициялық портфельді құрастыру қандай тиімділікке әкелетінін талдаңыз
3. Жеке қаржыларды басқару үшін жоспарлаудың маңыздылығын ашып көрсетіңіз

Бақылау сұрақтары:

1. Жеке қаржыларды басқару стратегиясына анықтама беріңіз.
2. Инвестициялық портфельді құрудың негізгі әдістерін келтіріңіз.
3. Қажеттіліктерді қандай топтарға бөлуге болады?
4. Бюджетті жоспарлаудың әдістерін атаңыз

Қосымша ресурстар

- А.Герасимов.: Финансовый ежедневник. Как привести деньги в порядок: М: Издательство Эксмо, 2017г. 160 с
- С. Лукас.: Личное состояние: Приумножать, защищать, распоряжаться. М:Издательство Альпина, 2007 г. 320 с